

problems, anxiety, attention and concentration, laziness and chronic unwillingness to do anything at university. Psychological stability is the process of preserving the most optimal mode of operation of the human psyche in conditions of constantly changing circumstances and their stressful effects. It is interesting that this personality trait is formed in a person in the process of his development and is not genetically determined. It depends on factors such as a person's nervous system, his upbringing, experience, level of development, etc.

REFERENCES:

1. [Electronic resource]: <https://www.sb.by/articles/emotsionalnoe-vygoranie-studentov-ot-prichin-poyavleniya-k-resheniyu.html>
2. [Electronic resource]: <https://www.dissercat.com/content/sindrom-emotsionalnogo-vygoraniya-i-ego-profilaktika-u-studentov-sotsialnykh-pedagogov>
3. Мальцева Светлана Михайловна, Смирнова Жанна Венедиктовна, Исаева Ирина Юрьевна, Назаркина Елена Сергеевна ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ПРОФИЛАКТИКА СИНДРОМА ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ У СТУДЕНТОВ // АНИ: педагогика и психология. 2020. №2 (31). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/prichiny-vozniknoveniya-i-profilaktika-sindroma-emotsionalnogo-vygoraniya-u-studentov>
4. [Electronic resource]: <https://dnevnik-znaniy.ru/samosovershenstvovanie/kak-razvit-stressoustojchivost.html>

ӘОЖ 336.58

<https://doi.org/10.53355/e7273-7972-6850-q>

ҚЕХС ЖАҒДАЙЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕГІ РӨЛІ

Абдыкалиева Ж.Ш., магистр, оқытушы-дәріскер
Қасым А.Ғ., есеп және аудит мамандығының 4-ші курс студенті
I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: zabdykalieva@mail.ru

Мақалада, бухгалтерлік баланс оның есеп беру нысаны ретінде, сондай-ақ кәсіпорын туралы негізгі ақпарат көзі ретінде пайдалану тұрғысынан қарастырылған. Жылдық балансстың негізгі компоненттері, сондай-ақ оның бөлімдері мен баптары сипатталған. Бухгалтерлік балансты құру принциптеріне назар аударылған және бухгалтерлік есепті қалыптастырудағы негізгі проблемалары зерттелген. Жылдық бухгалтерлік есептілікті қалыптастырудың нормативтік – құқықтық реттеулері қарастырылған.

Тірек сөздер: ҚЕХС, бухгалтерлік баланс, жылдық есептілік, бухгалтерлік есеп, баланс құрылымы, есептілік нысаны.

В данной статье рассмотрен бухгалтерский баланс с точки зрения использования его как формы отчетности, а также основного источника информации о предприятии. Описаны основные составные части годового баланса, а также его разделы и статьи. В статье также уделено внимание принципам построения бухгалтерского баланса и изучены основные проблемы с формированием бухгалтерской отчетности. Рассмотрено нормативно – правовое регулирование формирования годовой бухгалтерской отчетности.

Ключевые слова: МСФО, бухгалтерский баланс, годовая отчетность, бухгалтерский учет, структура баланса, форма отчетности.

This article examines the balance sheet from the point of view of using it as a form of reporting, as well as the main source of information about the company. The main components of the annual balance sheet, as well as its sections and articles are described. The article also pays

attention to the principles of building the balance sheet and examines the main problems with the formation of accounting statements. The regulatory and legal regulation of the formation of annual accounting statements is considered.

Keywords: *IFRS, balance sheet, annual reporting, accounting, balance sheet structure, reporting form.*

Қазіргі нарықтық экономикада толық, түсінікті, шынайы қаржылық есептілікті қалыптастыру басты міндет болып табылады. Бүгінде қаржылық есеп ақпараттары сапалы болу үшін белгілі бір талаптардың, ұтымды әдіс-тәсілдердің қолдану қажеттігі туындап отыр. Әр-бір заңды тұлғаның бірден бір көздегені пайда табу. Ал сол, кәсіпорынның қаржылық жағдайын басқарудың ең негізгі шарты-оның қаржылық жағдайын талдау. Осыған байланысты кәсіпорынның қаржылық жағдайында бухгалтерлік баланстың актив және пассив баптарының өзгеріске ұшырауы және оны талдаудың ақпараттық қайнар көзі, одан тиімді басқару шешімін қабылдауда бухгалтерлік баланстың алатын рөлі қазіргі таңда маңызды мәселе болып табылады.

Отандық нарықта бәсекелестіктің күшеюі табыс табу мен кәсіпорындарды сақтап қалудың басты факторы кәсіпорынның қаржы жағдайы мен нәтижесі болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақытылы өтеу үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді. Ал осы көрсеткіштерді жинақтап көрсететін есеп ақпараты – қаржылық есептілік деп аталады [1,716.].

Қаржылық есептілік жүйесінде негізгі рөлді бухгалтерлік баланс атқарады. Нарықтық экономика жағдайында пайдаланушылардың көбі баланста үнемі көңіл бөліп келді, «Баланс - кәсіпорынның айнасы» деген ұғым дәстүрлі болып кетті. Бухгалтерлік баланс маңызды қызметтерді орындайды, біріншіден, меншік иелерін, менеджерлерді басқарумен субъектінің мүліктік жағдайымен таныстырады. Баланстан олар меншік иелері нені иеленетінін біледі яғни кәсіпорын иелік ететін материалдық құралдардың сапалық және сандық қоры қандай екенін біледі және осы қорды жасауда кімнің қатысы бар екенін де біледі. Екіншіден, нарық экономикасында саны көбейіп келе жатқан үшінші жақтар алдында кәсіпорын өз міндеттемелерін орындай алуын баланс бойынша анықтайды. Үшіншіден, актив пен пассив баптарының мазмұны балансты ішкі және сыртқы пайдаланушылар мен пайдалануына мүмкіндік береді. Қаржылық есептің орталық құрылымы бола келе, бухгалтерлік баланс есепті күнге кәсіпорын мүлкінің құрамын, ағымдағы активтердің өтілуі мен айналымын, жеке капитал мен міндеттемелердің болуын, дебиторлық және кредиторлық қарыздардың жағдайы мен дамуын, кәсіпорынның кредиттік және төлем қаблеттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Баланс мәліметтері кәсіпорын - капиталының орналасу тиімділігін, оның шаруашылық қызмет үшін жеткіліктілігін, қарыз алу көздерінің көлемі мен құрылымын және оларды тарту тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен, бухгалтерлік баланс шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайын талдау мен бағалау үшін ең қажетті ақпаратты нысан болып табылады.

Баланстағы негізгі көрсеткіштер кәсіпорын иелерінің, яғни құрылтайшыларының, акционерлерінің осы ұйымды жаңадан құру уақытындағы ақшалай немесе заттай салымдарынан тұрады. Сондықтан көп жағдайда кіріспе баланста кәсіпорынның меншікті капиталы мен активтері тең болуы ықтимал [2,876.].

Бұл теңдік егер кәсіпорын құрылуы барысында ешқандай жеке немесе заңды тұлғалардың алдында міндетті, яғни қарыз болмаған жағдайда тура болып есептеледі.

Заңды тұлға болып танылған ұйымдардың барлығы да бухгалтерлік баланс жасауға міндетті. Егер заңды тұлғалар құрамына енген еншілес ұйымдар құрылған жағдайда, негізгі ұйым басшыларының рұқсаты бойынша еншілес кәсіпорындар да баланс жасауға міндетті.

Баланс көрсеткіштері бойынша кәсіпорын өзі қабылдаған міндеттемелерін өз уақытында орындайтындығын да анықтауы қажет. Негізгі мақсат - кез келген кәсіпорын өзінің экономикалық ресурстарын тиімді бағытқа жұмсап, таза пайда мен қызмет атқаруы қажет.

Талапқа сай тура және сапалы құрылған баланс көрсеткіштері:

- кәсіпорынның шаруашылық қызметі процестерін толығымен қамтиды;
- кәсіпорынның шаруашылық құбылыстарын топтастырады;
- шаруашылық құбылыстар мен процестері арасындағы байланыстарды зерттеп, шоттың дұрыс қолданғандығын тексеріп, қаржы - шаруашылық қызметі мен ақша қаражаттары қозғалысын талдайды.

Баланс көрсеткіштері ақшалай бағаланады. Міндеттемелер канша ақшаның қайдан алынғандығын көрсетеді. Активтер алынған ақшаның немесе қаражаттардың қалай жұмсалғандығын, қайда және не үшін жұмсалғанын көрсетеді. Меншікті капитал осы ұйымды құрып қалыптастырушы жеке тұлғаның, ұйым иесінің салған ақшасынан тұрады.

Нарық экономикасы жағдайында бухгалтерлік баланс әр түрлі әдістермен жасалынып, әрқашан да активтер мен міндеттемелер сомасы бірдей тепе-теңдік жағдайда болады. Еліміздің нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында, халық шаруашылығында және адамдардың қызмет ету саласында тұтыну және оны қанағаттандыру мүмкіншіліктеріне сәйкестендіру әрбір заңды немесе жеке тұлғаның негізгі мақсаты мен әрекеті және оған деген ұмтылу күнделікті қалыптасқан ұдайы өндірістің бір көрінісі болып табылады [3,756.].

Қоғамда әрқандай өндірістің ұдайы өндірілуі үшін өз кезегінде өндірістік қорлардың көлеміне тікелей байланысты болады. Ол өз кезегінде жұмыс күші мен еңбек құрал жабдықтарын пайдалану дәрежесіне байланысты болса, ол өнімді өндіру мен оны өткізу тікелей тұтыну нарығына байланысты болады. Нарықтық жағдайда нарық тойымдылығын қанағаттандыру дәрежесі өз кезегінде тұтынушылардың сатып алу қабілеттілігіне тікелей байланысты болады. Осындай өзара байланыс қаржылық есеп жүргізу мен бухгалтерлік балансты қажет етеді.

Қоғамдық жиынтық өнімді ұдайы өндіру теориясы мен оның тәжірибесі бухгалтерлік баланс әдісінің мазмұнын анықтап береді.

Бухгалтерлік балансты, тұрақтылық пен рентабельділікке талдау жүргізу мәліметтері ұйымдардың жедел басшылық жұмысы және олардың құрылымдық бөлімдері үшін қолданылады. Мемлекеттік қаржылық есеп беруді құрастыру үшін, экономикалық болжамды және ағымдағы жоспарды, еліміздің экономикасын дамыту заңдылықтарын оқып білу және зерттеу қажет.

Қазіргі заман шартында шаруашылықпен айналысатын ұйымның бухгалтерлік есеп жүйесі заманға сай, толық және дұрыс экономикалық ақпараттарсыз күрделі экономикалық механизммен басқару тәжірибелі түрде жүргізу мүмкін емес [4,546.].

Бухгалтерлік есеп беру жүйесінде ерекше орынды бухгалтерлік баланс алады. Оның құрылуы, актив және пассив баптары, біздің республикамызда көптеген өзгерістерге ұшырады және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттар талаптарына жақын болды. Бұл нарықтық экономика жағдайында көптеген пайдаланушылар тұрақты түрде балансқа назар аударуымен байланысты және дәстүрлі фраза болып қолданылып жатыр: «Баланс – кәсіпорынның айнасы».

Есеп берудің мәселесімен айналысатын ғылымдардың көзқарасы бойынша бухгалтерлік балансты екі жақтан қарастыру қажет: экономика – құқықтық және есептік бірінші тәсіл шаруашылық субъектілерде бар жиынтықты білдіреді және ол ақшалай есептелуі мүмкін. Сондықтан азаматтық құқығы заң теориясының белгілерінің бірі болып өзіндік бухгалтерлік балансы болып табылады. Баланстың есептік түсінігі, мәні бойынша бірінші тәсілді толықтырады және тек белгілі бір мезгілде шаруашылық жағдайды ғана емес, сондай – ақ барлық процестерді, сонымен қатар қызметтің қаржылық нәтижесін сипаттайды. Баланстың рөлі қалай қарастырылмаса да оның мәні жылдан – жылға өсіп

келеді, ол туралы әртүрлі мемлекеттерде, солардың ішінде Қазақстанда да тиісті нормативтік құжаттарды қабылдау куәландырылады.

Одан басқа, нақты мерзіміне байланысты активтерді және міндеттемелерді топтастырудың тәсілі бола отырып, ол бөлімдерге және баптарға бөлінеді. [5,786.].

Көптеген тұлғалар өздерінің бухгалтерлік балансын әрбір кезеңдерге қарай жасап, қолда бар қаражатының барын, басқа тұлғаларға қанша көлемде берешегінің бар екендігін көрсетіп отырады. Бухгалтерлік баланс осы «ұйымның қолда бар активті қаражаттарын және берешектерін белгілі бір уақытқа қарай көрсетіп отырады» дегеніміз орнықты ұғымды береді, яғни белгілі бір ұйымның қолда бар мүліктері активтер деп аталынады, ал осы ұйымның басқаларға берешегі міндеттемелер деп аталынады. Активтер құрамына осы ұйымның меншігіндегі ғимараттар, өндірістік жабдықтар, тасымалдау құралдары, өлшеу тағы басқа құралдар, өнім беретін малдар, күш беруші машиналар тағыда сол сияқты жатады. Сонымен қатар осы ұйым меншігінде шикізаттар материалдар, босалқы бөлшектер, тауарлар, дайын өнімдер ақшалай өлшеммен өлшеніп, осы ұйымның меншігінде болады. Бұлардың барлығы классификацияланады [6,1786.].

Есеп стандарттары бірнеше типтік бағыттардан тұрады. Олар:

- мақсаты - есеп өндірісіндегі мәселелер мазмұнына қысқаша түсініктеме беру және стандарттарын жасау мен шығынның міндетін көрсетеді;

- қолдану өндірісі - мұнда стандарт объектісі мен қолданудың объективті жағдайы қаралады;

- анықтау - стандарт мәнінде қолданылған негізгі терминдерге түсінік беру және оларды танудың тәртібі көрсетіледі;

- баяндау;

- акпараттар маңызын ашу - орындалуға жіберілген құн.

Бухгалтерлік баланстың әртүрлі шектеулеріне және көп мақсаттарының амалдарына қарамастан оны құрудың қажетті шарты болып актив валютасының пассив валютасына теңдігі табылады, өйткені онда әртүрлі позициядан бір қаражаттар қарастырылады.

Құрамына қарай бухгалтерлік баланс қорытындылары әрқашан өзара тең сандардың екі қатарынан тұрады. Бұл теңдік жағдайы – баланстың маңызды сыртқы көрінісі. Отандық тәжірибеде баланс әдетте екі жақты кесте ретінде көрсетіледі, сол жағы баланстың активі, оң жағы пассиві деп аталады. Бөлімдердің былай орналасуы тәжірибелік ойлаудан және қалыптасқан ұлттық дәстүрде туындайды.

Халықаралық тәжірибеде балансты құрудың басқаша түрлері де белгілі, мысалы, Америка Құрама Штаты, Англия және бірқатар басқа елдерде баланста алдымен активтің барлық баптары келтіріледі, содан кейін пассив баптары көрсетіледі.

Шетелдердегі ұлттық бухгалтерлік есеп жүйесінің келесідей модельдері қолданылады:

1. Шығыс Еуропа елдері – бірегейлендірілген бухгалтерлия, шығындарға негізделген шоттар жоспары, есептіліктің мақсаты – өзіндік құнды төмендету;

2. Еуропалық одақ елдері – екі бухгалтерлия (жалпы және аналитикалық), пайдаға негізделген шоттар жоспары, есептіліктің мақсаты – пайданы ұлғайту;

3. Француздық - екі бухгалтерлия (жалпы және аналитикалық), пайдаға өндірістік шоттар жоспары, бухгалтерлік есептің мақсаты – табысты ұлғайту;

4. БҰҰ - екі бухгалтерия (жалпы және аналитикалық), пайдаға өндірістік шоттар жоспары, есептіліктің мақсаты – табысты ұлғайту [7,196.].

Кез – келген бухгалтерлік баланс әртүрлі мүліктік қаражаттарды (тікелей шаруашылық еселігіндегі материалдық қорлар) және осы қорларға құқықтарды топтастыру ретіндегі және белгілі шаруашылық субъектілердің (кәсіпкерлердің, акционерлердің, мемлекеттің және т.б), сонымен қатар үшінші тұлғалардың (кредиторлардың, инвесторлардың, банктердің және тағы басқалар) еркімен құрастырылған капитал ретінде мүліктік массаның жағдайын көрсетеді. Осыған байланысты баптарын дұрыс бағалау сұрағы балансты құру кезінде, шаруашылық қызметін бағалау үшін де ерекше маңызға ие болады.

Бухгалтерлік баланстың дұрыс құрылуы төмендегілерді білдіреді.

Кәсіби бухгалтер қаржылық сипаттағы мәселелердің алдын ала көре білуге, өсу перспективаларын белгілеуге, кәсіпорынның дамуын болжамдауға және осының бәрін - қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын ескере отырып, жеңіл оқылатын нысандарда беруге тиіс. Бухгалтер тек сандарды ұсынып қана қоймай, олардан кәсіпорын ісінің жай- күйін көре білуі тиіс. Бухгалтер өзінің кәсіби пайымдауын түрлі көрсеткіштерді есептеген кезде пайдаланылады.

Баланстың шынайылығының негізгі шарттары – балансты құрастырар алдында синтетикалық және аналитикалық шоттардағы жазбаларды салыстыру.

Көптеген елдерде бухгалтерлік есепті құрастырудағы жалпы ережелермен қатар, сонымен бірге жекеше ерекшеліктері де бар. Қазіргі таңда, барлық елдерде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізудің бірегейлендірілген стандартталған жүйелері енгізілген. Бұл өз кезегінде әр елдің негізгі көрсеткіштерін зерттеуге, салыстыруға және де тәжірибеде қолдануға негіздейді.

Ол өз кезегінде, халықаралық елдер арасында бухгалтерлік есеп пен есептілікті бірегейлендіру мақсатында құрылған. Алайда, дамыған елдерде осыған дейін өз стандарттары мен ережелері негізінде толықтай қызмет атқарылып келді.

Бухгалтерлік есебі дамыған елдер: АҚШ, Канада, Ұлыбритания және Австралия, сонымен бірге Батыс Еуропаның жетекші елдері [8,976.].

Дамыған елдер АҚШ және Ұлыбританиядағы бухгалтерлік есеп жүйесімен және ондағы бухгалтерлік баланстың құрастырылу тәртібімен салыстырмалы жұмыстар барысында, есеп пен есептілікті дұрыс қалыптастырудың негізі - тек Қазақстанда ғана емес, экономикасы дамыған шет елдерінде де бірегейлендірілген талаптар мен стандарттарға сәйкес жүргізілетінін айтуға болады.

Барлық әлемде бухгалтерлік есеп әлдеқайда кең мағынада түсіндіріледі. Бүгінгі күні жағдай түбегейлі өзгеруде: салық басқармасы үшін құрастырылған баланс - бұл жаңа бәсекелестік жағдайларына талап етілетіндер болып табылмайды [9,226.].

Кәсіби бухгалтер қаржылық сипаттағы проблемаларды алдын ала көре білуге, өсу перспективаларын белгілеуге, кәсіпорынның дамуын болжамдауға және осының бәрін – қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын ескере отырып, жеңіл оқылатын нысандарда беруге тиіс. Бухгалтер тек сандарды ұсынып қана қоймай, олардан кәсіпорын ісінің жай- күйін көре білуі тиіс. Бухгалтер өзінің кәсіби пайымдауын түрлі көрсеткіштерді есептеген кезде пайдаланылады, яғни нақты, шынайы, дәл бухгалтерлік баланс құра отырып, сол баланс негізінде кәсіпорында тиімді стратегиялық жоспарлар құрастырып, қабылданған жоспарға сәйкес басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп [Мәтін]: Оқу құралы / Сейдахметова Ф.С. - Алматы: LEM, 2008. – 500б.
2. Мырзалиев Б.С., Әбдішүкіров Р.С.. Бухгалтерлік операцияларды жүргізудің әдістері. Практикум. - Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 130 б.
3. Нурсейитов З.О. Бухгалтерские расчеты. -Алматы: Издательство "LEM", 2013.- 112с.
4. Веселова Т.Н. Бухгалтерский учет. Финансовая отчетность на предприятиях. Практическое пособие / Веселова Т.Н., Маренков Н.Л. -М.: Благовест-В, 2012.-54с.
5. Рахимбекова А.Е. Финансовая отчетность казахстанских предприятий. Учебник. - Алматы: Экономика, 2018. - 474с.
6. Нұрсейітов Е.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп. - Алматы: 2012ж. - 432б.
7. Шогенов Б. А., Абазова Ф. М. Современный взгляд на формирование эффективной амортизационной политики в бухгалтерском и налоговом учете //Международный бухгалтерский учет. 2013. № 19с.

8. Макухина Я. С., Проблемы бухгалтерского баланса: его использование в анализе. – Донецк, 2009. – 187с.

9. 51 Поленова, С.П. Содержание и порядок составления пояснительной записки к бухгалтерской отчетности // Все для бухгалтера. - 2019. - № 4. – 22с.

ӘОЖ 81

<https://doi.org/10.53355/i4341-8254-3886-b>

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ

Абыканова И. А.

«Шетел тілдері және аударма ісі» мамандығының ШТҚ 231 топ білімгері

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: Indus.kz@mail.ru

Шет тілдерін оқытуда қолданылатын мультимедиялық және цифрлық технологияларды қолданудың қалыптасқан тәжірибесіне әдістемелік еңбектерге сүйене отырып, жалпы білім беретін мектептің сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуда мультимедиялық және цифрлық технологияларды қолданудың әдістемесі талданады және мақсатты түрде әзірлеу мәселесін зерделеп қарастырылады. Ақпараттық технологиялардың дамуы мен дербес компьютерлердің пайда болуымен компьютерлік технологияларды оқытуда қолдануға болатыны айқындалды.

Тірек сөздер: *цифрлық технологияларды қолдану, ақпараттық технологиялар, компьютерлік лингводидактика, мультимедиялық және цифрлық технологиялар, компьютерлік технология, қарым-қатынас құралы.*

На основе имеющегося опыта использования мультимедийных и цифровых технологий в обучении иностранным языкам анализируется методика использования мультимедийных и цифровых технологий в обучении английскому языку школьников и исследуется вопрос целенаправленного развития. С развитием информационных технологий и появлением персональных компьютеров было определено, что компьютерные технологии могут быть использованы в обучении.

Ключевые слова: *использование цифровых технологий, информационная технология, компьютерная лингводидактика, мультимедийные и цифровые технологий, компьютерная технология, средства коммуникации.*

Based on the existing experience of using multimedia and digital technologies in teaching foreign languages, the method of using multimedia and digital technologies in teaching English to schoolchildren is analyzed and the issue of purposeful development is investigated. With the development of information technology and the advent of personal computers, it was determined that computer technology can be used in teaching.

Key words: *use of digital technologies, information technology, computational linguistics, multimedia and digital technologies, computer technology, means of communication.*

XXI ғасырда ақпараттық технологиялар адам қызметінің барлық саласында, соның ішінде білім беруде де белсенді қолданыла бастады. Алғашқы дербес компьютерлердің пайда болуымен мұғалімдер оны оқу үдерісін интенсификациялау үшін көрнекілік құралы, дағдыларды дамыту құралы, қосымша ақпарат көзі және т.б. ретінде пайдалана бастады. Компьютерлік технологиялар шет тілдерін оқытуда XX ғасыр 1980 жылдардан бастап қолданыла бастады. Шет тілдерін оқыту әдістемесінде арнайы бағыттың пайда болуына